

УДК 373.1.02 : 372.8
ГРНТИ 14.25.09

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ҚОЛДАНАТЫН БЕЛСЕНДІ ОҚУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Оқушылардың білімін жетілдіру бүгінгі күні аса маңызды мәнге ие мәселе болып саналады. Себебі, акпараттар ағынына жұтылып кетпей, өзінің негізгі келбетін сақтап қалу үшін халықтық деңгейде түрлі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ал оқушылардың білімін жетілдіру кезінде үлкен және көлемді жұмыстар атқарылуға тиіс.

Аннотация

Статья о направлениях, технологиях, методах, которые повышают знания учащихся. Автор отмечает важность темы. Учащиеся сейчас не должны и не могут поглощать огромный поток информации, необходимо учить их анализировать информацию, выбирать нужную. При совершенствовании знаний и умений учащихся проводится большая и масштабная работа на уроках казахского языка и литературы.

Annotation

The article is about directions, technologies, methods that increase the knowledge of students. The author notes the importance of the topic. Students now should not and cannot absorb a huge stream of information, it is necessary to teach them to analyze the information, choose the necessary one. When improving the knowledge and skills of students, a large-scale work is carried out at the lessons of the Kazakh language and literature.

Адам баласының, әсіресе, білім алушылардың сұранысы күннен-күнге артып барады. Білім алушының талап-тілегіне сай болу үшін мұғалімге артылар жүк те аур. Біліммен қаруланған, ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған мұғалім болу-уақыт тала-

Джаманбалина Ж.А.,
«Қостанай қаласы
білім бөлімінің №7
жалпы білім беретін
мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі

Негізгі сөздер: сапаны арттыру, ақпарат көлемі, талдау, технологиялар, әдістер, қазақ тілі.

Ключевые слова: повышение качества, объём информации, анализ, технологии, методы, казахский язык.

Keywords: quality improvement, information volume, analysis, technologies, methods, Kazakh language.

бы. Себебі, бүгін мектеп партасында отырған білім алушылар-ертең ел тағдырын шешетін тұлғалар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету-мұғалімнің басты міндеті. Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет. Дұрыс тәрбие мен сапалы білім-ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады.

«Дүние де-өзі, мал да-өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз», деп Абай атамыз айтқандай, білімді, озық ойлы адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесінде әсер ететіні сөзсіз. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Білім алушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Жанартылған білім бағдарламысының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және тандап қолдануды талап етеді.

Білім алушылардың жазба жұмысын дамыту аса күрделі әрі үнемі ізденісті қажет ететін іс. Яғни, бұл жерде сабақ жүргізу әдістемесін меңгерген ұстаз сабақты түсіндіріп қана қоймай, білім алушының өз бетімен ізденуіне түрткі болып отыруы, жетектей білуі қажет. Осы орайда, ұстаз дәстүрлі әдіс-тәсілдерді түрлендіре отырып және жаңа технологияларды ұтымды пайдалана отырып оқыта білсе, оқушының бойындағы тілге деген қызығушылықтың артары және жазбаша сөйлеу тілінің дамуы сөзсіз. Бүгінгі күнде белгілі болған көптеген технологиялар бар. Соның бірі – М.М.

Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы». Технологияның тиімділігі – оқушының терең білім алуына және мұғалімнің де шығармашылық шыңдалуына септігін тигізеді.

Қазақ тілін оқытуда бірден – бір тиімді әдіс – коммуникативтік әдіс деп ойлаймын. Коммуникативтік әдіс білім алушылардың ауызекі сөйлеуін, қарым- қатынас жасауын, сұрақ – жауап жүргізуін, әңгімелесуін, сөйлеу қабілетін қалыптастырып, сөздік қорын молайтады, тілді дамытады. Менің ойымша, біз коммуникативті стратегиямызды сыныпта дұрыс жасасақ, ол тіл үйренуге көмектеседі. Выготскийдің айтуы бойынша, білім алу алушыларды диалогқа, бірлескен әңгімелесуге тарту нәтижесінде пайда болады. Білім алушылардың сабақта бірігіп сөйлеуі үлкен пайда әкеледі, себебі білім алушыларға тақырыпты түсінуге, әр адамның жеке көзқарасы мен идеясының бар екендігіне көз жеткізуге, топ ішінде өздерінің идеяларын талқылауға, балалардың танымдық даму жолында, мұғалім білім алушылардың қандай сатысында оқып жатқанын түсінуге көмектеседі.

Бұл әдістің ішінде ерекше орын алатыны - диалог. Диалог білім алушылардың сөйлесу әрекетін, сұрақты дұрыс қоя білуде, ақпарат алмасуда, жалпы тіл үйренуде таптырмас жұмыс түрі. Тақырыпты тереңірек игертуде қосымша «Т – кестесін» қолдануға болады. Бұл интербелсенді тәсіл – бір – біріне қарама – қарсы немесе салыстыруға болатын ақпарат пен пікірлерді келтіруге арналған жазу кестесі.

«Суретті әңгімеле» әдісімен жұмыс жасалғанда білім алушыларға сурет көрсетіліп, әңгімелетіледі. Қажет болған жағдайда әңгіменің сөздерін

алдын ала үйретуге болады. Сурет әңгіменің бір бөлігі екені ескертіледі. Білім алушыларға суретте бейнеленген сәттің алдында не болғаны және кейін не болатыны болжатылады. Білім алушылардың өз әңгімелері тындалғаннан кейін әңгіменің толық нұсқасы оқып беріледі. Бұл әдіспен тапсырмалар орындау барысында барлық сыныппен, жүймен жұмыс орындатуға және сөздік қорларын молайтуға болады.

Сабақтың тиімді жағының бірі – ол заман талабына сай сабақты электронды оқу құралдарын, интерактивті тақтаны пайдалана отырып жүргізу. Тіл үйренушіге мәтінді электронды оқу құралдарынан компьютер көмегімен тындап, сұрақтарға жауап беріп, мәтін негізінде бірнеше грамматикалық тапсырмалар орын-

дауға мүмкіндік берілген. Ең бастысы – тапсырмалар күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға негізделіп берілген, яғни бұл тіл үйренушінің тілді жеңіл түсініп, тез меңгеруіне көмектеседі. Ұсынылған сабақ жоспары тиімді, кезендері байланыстырыла, түрлі тапсырмалармен толық түрде ұсынылған. Егер әр сабақты мұғалім аталған сабақтай жоспарлап, мүмкіншіліктерді, жаңа технологияларды толық пайдаланып жүргізсе, мемлекеттік тілде меңгерген азаматтар санының өсері сөзсіз.

Қорыта келе, мұғалім шығармышылықпен жұмыс істеп, соңғы дамыған заманауи әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, оларды болашақта біліммен қарулаңған жақсы азаматтар шығады деп айтар едім.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М. Серғалиев. «Тілім менің – тілім менің» - Алматы қаласы, 2013 ж.
2. З. Айдосова. «Дамыта оқыту технологиясының мәселері»(қазақ тілі мен әдебиеті). – 2004.
3. М. Жұмабаев. Педагогика. – Алматы: 1991 ж.